





АТАҒЫ МЕН АБЫРОЙЫ САН ТАРАПҚА ЖАЙЫЛҒАН БАЙБОЛСА ДА,
ТӘҢІР БАЛҚАШТЫ ПЕРЗЕНТКЕ ЖАРЫТПАДЫ.
БӘЙБІШЕСІ ҚЫЗ ТАПҚАНДА ҚУАНЫП ЕДІ. БІРАҚ ОНЫҢ
АРТЫ ҚУАҢ ТАРТАТЫНЫҢ КІМ БІЛГЕН. ЕКІ ТОҚАЛ АЛДЫ.
ЕКЕУІНІҢ ДЕ ПҮШПАҒЫ ҚАНАМАҒАН СОҢ, БАЛҚАШТЫҢ БАР
ҮМІТІ ІЛЕ ҚЫЗЫНА АУҒАН БОЛАТЫН.

ЖИЕННІҢ ЕЛ БОЛМАСЫН БІЛСЕ ДЕ,
ОСЫ ҚЫЗЫҢЫҢ БІР ҰЛЫНА АСЫҚТЫ
ЖІЛІК ҮСТАТАРЫНА СЕНІМДІ ЕДІ.



БӘЙБІШЕ,
ЖАРАТҚАННЫҢ
БЕРМЕСІН ТАРТЫП
АЛА-АЛМАСЫМЫЗ
БЕСЕНЕЛЕН
БЕЛГІЛІ.

АРТЫМДА ҚАЛҒАН
БАЙЛЫҒЫН ИЕСІЗ,
ИЕН ҚАЛА МА ДЕП
ҚОРҚАМЫН.

ҰРПАҚСЫЗ ҚАЛАМ
ДЕЙ ДЕСЕМ, БАЙЛЫҒЫҢ БА
ЕДІ БАС ҚАЙҒЫҢ?



БӘЙБІШЕ,
БУЫНСЫЗ ЖЕРГЕ ПЫШАҚ



ҚЫЗ ҰРПАҚ
БОЛАР МА?




БАЛҚАШ БАЙДЫҢ ЕЛІНЕ АТ ТҮЯҒЫ ЖЕТЕР ЖЕРДІҢ БӘРІНЕН
ЕЛ ЖЕТТІ. ТІПТИ АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН ТҮЛПАРЫНЫҢ ТҮЯҒЫНА
ДЕЙІН БАПТАП, ОНЫ ЖЕРГЕ ТИГІЗБЕЙ КҮЙМЕМЕН ӘКЕЛГЕН.
ОЛАЙ ЕТУГЕ ДЕ СЕБЕП БАР. ӨЙТКЕНІ БӘЙГЕНІҢ БАСЫ ЕКІ ЖҮЗ
ЖЫЛҚЫДАН БАСТАЛАДЫ.

АТ АРҚАЛАҒАН КҮЙМЕЛЕРДІҢ ІШІНДЕ ЖАСАУЫ КЕЛІСКЕН КҮЙМЕ
ҚОҢЫРАУЛАТЫП АС БАСТАЛАР КҮННЕН БІР КҮН БҰРЫН ҒАНА
ЖЕТКЕН ЕДІ.

ҚАБАҒЫ КӨБІНЕ ҚАТУЛЫ ЖҮРЕТІН ҚАРАТАЛ МЕН ОНЫҢ ЖАЛҒЫЗ
ІНІСІ АБЫЛДЫ АБЫРАЛЫ БАЙДЫҢ - БІЛГЕ АТТЫ ҰЛЫ КҮТІП АЛДЫ.





БАЙДЫҢ ҚЫЗЫ ҚАРАПАЙЫМ КИІНІП,
САУЫНШЫДАЙ ҚОЛЫНА ШЕЛЕК
ҰСТАП, ЕШКІМНІҢ КӨЗІНЕ ТҮСПЕЙ
КҮЙ ИЕСІН ТАУЫП АЛДЫ.



ТОЙ АЛДЫНДА
ДОМБЫРАНЫ МҮНША
ЗАРЛАТҚАНЫҢ НЕ?

ЖЕҢІЛІН ТАРТСАМ
ІШЕГІМДІ
ҚАТАЙТЫП АЛАМЫН
БА ДЕП ОТЫРМЫН.

КҮЙ
АЙТЫСПАҚ
ЕКЕНСІҢ ҒОЙ.



БІЗГЕ
ҚАЙДАҒЫ
ҚОНҒАН КҮЙ. БАЯҒЫДА
МЫНА ЖҮЙРІКТІ
ЕНЕСІН ҚАСҚЫР
ТАРТЫП, ӨЗІ ШЫРҚЫ-
РАП ЖҮРТЕНІНДЕ
ОСЫ МАҢНАН ТАУЫП
АЛҒАНМЫН. ҚҰЛЫН
ДАУСЫНАН ЖАНЫМ
КҮЙЗЕЛІП ШЕРТКЕН
КҮЙІМ ЕДІ. ЖАНУАР-
ДЫҢ ДА ТАНЫП
ТҮРЫСЫН КӨРМЕЙ-
МІСІҢ?!



АТЫНА
КҮЙ ТАРТҚАН
АТБЕГІНІ БІРІНШІ
КӨРУІМ...

САУЫННАН
ҚАЙТҚАНДАЙ ҚОЛЫНА
ШЕЛЕК ҰСТАҒАН БАЙ
ҚЫЗЫН МЕН ДЕ
БІРІНШІ РЕТ КӨРІП
ТҮРМЫН.



ҚЫЗ ӨЗІН ТАНЫП
ҚОЙҒАНЫНА
АШУЛАНЫП,
ӨКШЕСІН ЖЕРГЕ
ҚАДАП- ҚАДАП
ОТАУЫНА ҚАРАЙ
ЖҮРІП



АШУЛАНСА ДА
ӨЗТЕРМЕС ЖҮРІСКЕ
ТАМСАНА ҚАРАП
ЖІГІТ ҚАЛҒАН.



БӘЙГЕ БАСТАЛАР УАҚЫТ ТАЯП ҚАЛҒАН.
ҚАРАТАЛДЫҢ КЕЛГЕН ЕЛІНІҢ БАЙЫ
АБЫРАЛЫ АБЫРОЙЫ МЕН БӘСКЕ ТІККЕН
ТАЙТҰЯҒЫН ОЙЛАП ҚАРАТАЛҒА





БОЛАДЫ, АҒА.
ЕРТЕҢГІ КЕК
ҮШІН...

ЕРТЕҢГІ
КЕКТИҢ ЕЛІН
БЕРІ СҮЙРЕМЕ.
БҮГІНГІ БӘЙГЕНІ
ОЙЛА.

ТАС-
ТҮЙІНМІН.



БӘЙГЕНІҢ БАСЫНАН-АҚ
АТЫҢНЫҢ БАСЫН ЖІБЕРІП АЛ.
ӨЗГЕЛЕРДІҢ СОҢЫНДА ШАҢ ҚАУЫП
ҚАЛМАСЫН. САУЫРЫҢА ҚАМШЫ ТИГІЗБЕ.
ҚЫРСЫҒЫП ҚАЛАДЫ. ӘБДЕН АЛҒА ОЗЫП,
АТТАРДЫҢ АРАСЫ АЛШАҚТАҒАН КЕЗДЕ
БІРШАМА ЖЕР САУ ЖЕЛДІРІП,
ТІЗГІНІҢДІ ТАРТЫП ОТЫРҒАЙСЫҢ.
МӘРЕГЕ ЖАҚЫНДАҒАНДА ТІЗГІНІҢДІ
ЖІБЕРЕ САЛ. АЛ, ЖҮЙРІГІҢНІҢ
МАҢДАЙЫ ЖАРЫЛСЫН.
ӘУМИН!

ҚИҚУ БАСТАЛҒАННАН-АҚ
ҚҰЛАТӨБЕЛ ОҚ БОЙЫ ОЗА
ШЫҚҚАН ЕДІ.

АТЫЛҒАН ЖЕБЕДЕЙ
СУЫРЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН
АТТЫҢ ШАБЫСЫН КӨРДІ ДЕ,
ҚАРАТАЛ КЕРІ БҰРЫЛДЫ.



АЛ, ЖАНУАР.
МӘРЕДЕ
ЖОЛЫҚҚАНША.



МАҢДАЙЫ
ЖАРЫЛСЫН,
БАТЫР!



ҚАРАТАЛ ҚЫЗ СӨЗІНЕ МӘН БЕРМЕЙ
ӨТЕ ШЫҚТЫ. ШЕКЕСІНЕН ҚАН
ТАМЫП ТҮРҒАНҒА ҰЯЛҒАН БОЛСА
КЕРЕК.

БӘЙГЕНІҢ ШАҢЫ БАСЫЛЫП, АТТАР
КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙ КЕТКЕННЕН KEЙІН
ТОЙ СӘНІН КІРГІЗЕР ӨЗГЕ ДЕ
ОЙЫНДАР БАСТАЛАН БОЛАТЫН





ҚАРАТАЛ,
САҒАН ҚАМШЫ
АЗДЫҚ ЕТТІ МЕ?

БАСЫМ БӨРІК
ІШІНДЕ.

ТОЙ ӨТЕР,
ДОМБЫРАҢ ҚАЛАР.
САДАҒЫҢ МЕН НАЙЗАҢДЫ
БЕЙБІТ КҮНДЕ ІЛЕРСІҢ,
КЕРЕГЕГЕ. ЕЛГЕ ДЕ
БАРАРМЫЗ...



ҚАЙ ЕЛДІ
АЙТЫП ОТЫРСЫҢ? МЕНІ
КІРМЕ ДЕП, ҮЛКЕН ТАБАҚҚА
ҚОЛ САЛДЫРМАЙ, БОСАҒАДАН
СЫҒАЛАТАР ЕЛДІ МЕ? ОНДАЙ
ЕЛСІЗ-АҚ ТАҢЫМ АТЫП,
КҮНІМ БАТАДЫ.



ӘЖЕ,
РҰҚСАТ БЕР!

ҚАЖЕТІ ЖОҚ.
ЖЕЛІККЕН КӨҢІЛІ ТОЙ ӨТІСІМЕН
БАСЫЛАДЫ. ҚАЙДА БАРАДЫ ДЕЙСІҢ,
ҚҰ ЖЕТІМ. СЕН ОДАН ДА БАЙ
ҚЫЗЫНАН КӨЗ АЛМА. БҰЛ ТОЙ ЕШ
СЕБЕПСІЗ ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ТОЙ
ЕМЕС. БАЛҚАШ ТА БІРДЕҢЕ
БІЛІП ОТЫР...



ШАҢ
КӨРІНДІ.

БІРІНШІ
БОЛЫП БІР ҚҰЛА
КЕЛЕ ЖАТЫР.



Эй, дәу де болса
сол абыралы байдың
елінен келген құла
болса керек.

Дәл өзі.
сол... сол...

Абыралы
байдан сүйінші
сұрайық.





ЖАРЛЫМЫН ДЕП
БАЙ ҚЫЗЫНЫҢ ЖОЛЫН
ТОСҚАНЫҢЫЗҒА ЖОЛ БОЛСЫН.
ӘЛДЕ МЕН ШАҚЫРҒАН СОҢ ҒАНА
КЕЛІП ОТЫРМЫСЫҢ?

ҚЫЗДЫҢ
ӘЗІЛ-ШЫҢЫ АРАЛАС ЕМЕУРІНІ
ҮШІН КЕЛЕ ҚОЯТЫН ЖАРЛЫ
БОЛСАМ ДА, ЖӨНСІЗ ЕМЕСПІН.
АЛҒАШ КӨРТЕН СӘТТЕН-АҚ
ЫНТЫҚҚАН СОҢ ҮМІТКЕ
ЕРІП КЕЛІП ОТЫРМЫН.




ОСЫ СӨЗДІ АЙТА АЛАР
МА ДЕП ҚАУІПТЕНІП
ЖҮР ЕДІМ. ТҮЛҒАҢА
ЖАРАСАР ЕР ЕКЕНСІҢ.

ІЛЕ, ҚАНША БАЙ
ЖЕРДІҢ ҚЫЗЫ БОЛСАҢ,
ДА, ЕРКЕЛІК ПЕН БІР
КҮНДІК ҚЫЗЫҚТЫ КА-



ҚЫЗЫҚ ҮШІН
ЖҮРІС ЖЕҢІЛДЕТЕР ДЕ
МЕН ЕМЕС, ҚАРАТАЛ.
БЕЛІМДІ БУЫП ОТЫРМЫН.
ӘКЕМЕ КӨҢІЛІМДІ ТАНЫ-
ТАМ. ЕГЕР ҚАБАҚ ШЫТАР
БОЛСА, ЖАЛҒЫЗ ЕКЕНМІН
ДЕП ЖАҢЫМА ЖАҚПАҒАНҒА
БАРҒЫМ ЖОҚ. МЕНІҢ ОТАУЫ-
МА ҚҰЛАҒЫҢДЫ ТҮРЕ ЖҮР.
КҮЙДЕН «АҚЖЕЛЕҢДІ»
ТАРТСАМ ҰЗАТЫП АЛЫП КЕ-
ТЕРСІҢ. «ЖЕЛДІРМЕНІ»
ТАРТСАМ ҚОС ТҮЛПАРДЫ
ЕРТТЕЙ БЕР.





НЕ ДЕЙДІ?
ҚЫЗЫМДЫ АБЫРАЛЫҢЫҢ
ҚҰЛЫНА БЕРГЕНШЕ,
ҰЛЫҢА ҚҰЛ ҒЫП БЕРЕЙІН.
ҚЫЗЫҢА ЖЕТКІЗ. СҰҰО МЕН
АРДЫҢ АРАСЫН АЖЫРАТСЫН.



АПА ТҮСІНДІМ.
ДОМБЫРАҢЫ АЛЫП
БЕРҢІЗСІЗ.



ӘЙ, ҚЫЗЫМ-АЙ.
КӨҢІЛІҢ ӘЛІ
АЛЫП-ҰШПА ҒОҢ.
ШЫН СҮЙСЕҢ
«ЖЕЛДІРМЕНІ»
ТАРТАРМЫСЫҢ?!



ҚАРАТАЛ ҚЫЗ ОТАУЫНАН ШЫҚҚАН «ЖЕЛДІРМЕНІҢ»
ӘУЕНІН ЕСТІДІ ДЕ, АБЫРАЛЫ МЕН ҰЛЫ БІЛТЕНІҢ ЖАРАУ
ЕКІ АТЫН ЖАЙЫЛЫМДА ЖҮРГЕН ЖЕРІНЕН АЛДЫРЫП
ЕРТТЕДІ. ҚҰЛАТӨБЕЛДІ ІНІСІ АБЫЛҒА БЕРІП,
АС-ТҰЗЫН АЛЫП ТҮНДІ КҮТКЕН ЕДІ.



ДӘЛ ОСЫ ТҮНІ БАЛҚАШ ПЕН
АБЫРАЛЫ ЖЕКЕ КЕЗДЕСІП,
ҚҰДАЛЫҚ ЖАЙЫН СӨЗ ЕТІП
ОТЫРҒАН. ОСЫ СӘТТЕ ОЛАРДЫҢ
ҮСТІНЕ БАЛҚАШТЫҢ
ЖАҢДАЙШАБЫ КІРІП КЕЛДІ.



БАЙЕКЕ,
ҚЫЗЫҢЫЗ...



ҚҰЗ БАСЫНДАҒЫ ЕКЕУІ
ТҮСЕТІН ТҮСТЫ ТАППАЙ
ҰЗАҚ ЖҮРГЕН ЕДІ.
ҚУҒЫНШЫЛАР ДА ЖЕТІП
ҚАЛҒАН.

ТОП АЛДЫНАН БАЛҚАШ ПЕН
АБЫРАЛЫ КӨРІНЕДІ. ҚАРАТАЛ
ҚОРАМСАҒЫНА ҚОЛ САЛЫП,
ҚОЗЫ ЖАУЫРЫН ЖЕБЕНІ
СУЫРЫП АЛДЫ ДА,
АДЫРНАСЫН КЕРЕ ТАРТТЫ.



БАТЫР,
ЖЕМ БЕЙБАҚҚА
БАҒЫПТАМА. ОЛ ӨЗ ҚАТЕСІН
ТҮСІНІП, ӨТСІН.



ЖЕҢ ЕМЕС,
АБЫРАЛЫ ҚОРҚАУДА
ҒАНА КЕТКЕН КЕГІМ
БАР. ӨЗТЕ ҚАНДЫ
МОЙНЫМА ЖҮКТЕГІМ
ЖОҚ.



АЛ, ІЛЕ ҚЫЗ.
БАСҚА АМАЛ ЖОҚ.
МЫНА ҚҰЗДАН АТЫМЫЗДЫ
ТІКЕ САЛАЙЫҚ. АМАН ҚАЛСАҚ
БАҒЫМЫЗ, ОМАҚАСА БОЛСАҚ
АРҒЫ ДҮНИЕДЕ
КЕЗДЕСКЕНШЕ...





ЕКЕУІ ҚҰЗАН АТТАРЫН ТІК САЛЫП
ТӨМЕН ТҮСІП КЕЛЕДІ.
АТТЫҢ ТАҒАЛАРЫ ТАСҚА ТИГЕН
САЙЫН ОТ ШЫҒЫП, ҚҰЗАН ТӨМЕН
ІЛБІП КЕЛЕДІ.

КЕНЕТ ІЛЕ ҚЫЗДЫҢ АТЫНЫҢ
ТҮЯҒЫ ТАЙЫП КЕТКЕН ЕДІ.
ОНЫ ҚҰТҚАРАМ ДЕП ҚАРАТАЛ
ҒАШЫҒЫН ҚҰШЫП ҮЛГЕРДІ.
ОСЫЛАЙ ҚОС ҒАШЫҚ ҚҰЗДАН
ТӨМЕН ҚҰШАҚТАСА ҚҰЛАДЫ...



КӨЗ АЛДЫНДА
ЖАЛҒЫЗЫНАН
АЙЫРЫЛҒАН БАЛҚАШ
ҚАПЕЛІМДЕ НЕ ІСТЕРІН
БІЛМЕЙ ҚАЛДЫ.



ФАШЫҚТАР ТАБА АЛМАҒАН
ҚҰЗДАН ТҮСЕР ЖОЛДЫ ТАУЫП
ТҮСТІ ДЕ, ІЛЕ ҚЫЗЫН
ҚҰШАҚТАП ЖЫЛАЙ БЕРДІ.



БИЕ САУЫМ УАҚЫТТАН СОҢ
КЕУДЕСІНЕ БАСҚАН ЖАЛҒЫЗЫН
ЖЕРГЕ ЖАТҚЫЗДЫ ДА,
ҚЫНАБЫНАН ҚАНЖАРЫН СУЫРЫП
ОРЫНЫНАН ТҮРЕГЕЛДІ.



БАЙЛЫҚ ДЕП,
МАЛ ДЕП АДАМ ЖАНЫН
ТҮСІНУДЕН КЕТКЕН
МЕНІ ТӘҢІРІМ
КЕШЕ ГӨР.



ҚОС ҚЫРШЫННЫҢ
КӨЗ ЖАСЫНА ҚАЛЫП,
СОҚА БАСЫМ СОҒИЫП
ТҰРЫСЫМ МЫНАУ.
МЕНЕН ӨТКЕН СОРЛЫ
БАР МА БҮЛ ЖАЛҒАНДА?
ҚҰЛЫНДАРЫМ СОЛ.
СЕНДЕРСІЗ ЕНДІ
ЖЕР БАСУ КҮНӘ
МАҒАН...

БАЛҚАШТЫҢ АРТЫНАН КЕЛГЕН ЖІГІТТЕР ҮШЕУІН ДЕ БІР ЖЕРГЕ
ЖЕРЛЕП, БАСЫН ҚАРАЙТЫП КЕТІПТІ. КЕЙІННЕН СОЛ ҚАБІР ҮСТІНЕН
БҰЛАҚ ШЫҒЫП, КӨЛГЕ АЙНАЛҒАН. ЖҰРТ БҮЛ БҰЛАҚТЫҢ СУЫН БАЛҚАШ
БАЙДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ ДЕЙТІН. ШЫНЫНДА ДА ОДАН ШЫҒАТЫН СУ АЩЫ
ЕДІ. КЕЙІННЕН БҮЛ КӨЛДІҢ СУЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН ТҰЩЫ СУҒА АЙНАЛ-
ДЫРЫП ЕКІ ӨЗЕН ҚҰЯДЫ. ОНЫ ХАЛЫҚ ҚАРАТАЛ ЖӘНЕ ІЛЕ ДЕП АТАҒАН.

